



# ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

«Ақиқат дүние – адам – тіл»  
формуласы және мәдениеттегі сөз  
стильдері





**Дәрістің басты терминдері:** бейақиқат дүние, ашық және бүркеме стиль, әшекейлі стиль, инструментальды стиль, аффективті стиль, жеке-дара стиль, ситуациялық стиль.

- Бейақиқат дүние – тіл арқылы, белгілі бір мәдениеттің (мәдени қоғамдыстықтың) тілдік ерекшелігі арқылы санада қалыптасқан «екінші ақиқат дүние» – идеалды дүние;
- Ашық және бүркеме стиль – тілдесу, сөйлесу барысында адамдардың өз ішкі сезімін, дйттеген ойын ашық немесе бүркемелеп айтуымен, дйттеген ойын, тілегін тура білдіру не тура жеткізбей, орағытып білдіруімен байланысты қалыптасатын стиль түрлері;
- Әшекейлі стиль – тілдің экспрессиялық амалдарын, кідіріс, үндемеу тәрізді тәсілдерін, образды элементтерді молынан жұмсайтын стиль;
- Инструментальды стиль – сөйлеушінің өзіне тән бет-бедерін көрсететін, тыңдаушыға тәуелсіздігі байқататын стиль;
- Аффективті стиль – тыңдаушыға және коммуникация барысына иек артылатын, сөйлеуші тыңдаушының ығына жығылатын, екіжақты үйлесімділікті көздейтін стиль;
- Жеке-дара стиль – әлеуметтік теңдікті көрсететін, тілдік амал-тәсілдер сөйлеушінің МЕН-ін (бет-бедерін) күшейтетін индивидуалды мәдениетке тән стиль;
- Ситуациялық стиль – сөйлеушінің әлеуметтік рөлін байқататын, қоғамдық қатынастың иерархиялылығын бейнелейтін, ұжымдық мәдениетке тән стиль.

## 1. Мәдениет – тіл болса, тіл – мәдениет

Профессор Нүргелді Уәлидің айтуы бойынша, тіл біздің санамызда дүниені бейнелеп қана қоймайды, тіл арқылы біздің санамызда бейақиқат (идеалды) дүниенің негізі қаланады. Тіпті ақиқат дүниемен ісі болғанға дейін де санада тіл арқылы «екінші» ақиқат дүниенің жобасы жасалады. Әр тіл ақиқат дүниенің санадағы жобасын өзінше жасайды. Кім қай тілде сөйлесе, ақиқат дүниені сол тілдің тұрғысында түсінеді. Тіл арқылы санада «екінші ақиқат дүние» – идеалды дүние қалыптасады. Сонымен, ақиқат дүние санада белгілі бір мәдениеттің (мәдени қоғамдыстықтың) тілдік ерекшелігіне қарай жасалады. Белгілі бір ақиқатты әр тіл өзіндік тәсілмен бейнелейді. Егер белгілі бір объекті бірнеше ұғымдар жүйесін қамтыса, сол мәдениет (мәдени қоғамдастық) үшін әлгі объект ерекше маңызды деп саналады.

## 2. «Ашық» және «бүркеме» (жабық) стиль

Профессор Нүргелді Уәлидің айтуы бойынша, жалпы вербалды коммуникацияда стильдің түрлері бар: ашық және жабық (бүркеме) стиль, әшекейлі стиль, инструменталды және аффективті стиль.

«Ашық» және «бүркеме» (жабық) стиль. Тілдесу, сөйлесу, қарым-қатынас жасау барысында адамдар өзінің ішкі сезімін, дйттеген ойын ашық немесе бүркемелеп айтуы ықтимал. Ашық стиль дйттеген ойын, тілегін тура білдіру, бүркеме стиль ой-тілегін, дйттеген мақсатын тура жеткізбей, орағытып білдірумен байланысты. Коммуникация стилінің қай түрін таңдау әртүрлі мәдениеттің қарым-қатынасындағы контекстуалдық ерекшелігіне байланысты.

## 3. Коммуникациядағы дара, жеке стиль мен ситуациялық стиль

Коммуникацияның әшекейлі стилі болады. Коммуникациялық стильдің бұл түрлері тілдің экспрессиялық амалдарын, кідіріс, үндемеу тәрізді тәсілдерін қолдану дәрежесіне байланысты. Әшекейлі стиль тілдесуде экспрессиялы, образды элементтерді молынан жұмсаумен байланысты. Бұл Таяу Шығыс мәдениетіне тән тәсіл. Мұндай экспрессиялы элементтерді қосып айту қазақ мәдениетінде жиі кездеседі.



Коммуникациядағы жеке-дара стиль мен ситуациялық стиль бар. Жеке-дара стильде тілдік амал-тәсілдер сөйлеушінің МЕН-ін (бет-бедерін) күшейте түседі. Ал ситуациялық стиль сөйлеушінің әлеуметтік рөлін байқатады. Дербес стильде тіл әлеуметтік теңдікті көрсетеді. Дербес стиль индивидуалды мәдениетке тән. Ал ситуациялық стиль қоғамдық қатынастың иерархиялылығын бейнелейді. Ситуациялық стиль ұжымдық мәдениетке тән. Ұжымдық мәдениетте қарым-қатынастың титул, мәртебелілік, ритуалдық мәнерлер тәрізді ғұрыптық формальды кодтары көп болады.

Коммуникацияның инструментальды және аффективті стилі. Қарым-қатынастың аффективті стилі тыңдаушыға және коммуникация барысына иек артады. Инструментальды стиль адамның өзіне тән бет-бедерін көрсетеді, тыңдаушыға тәуелсіздігін байқатады. Аффективті стильде сөйлеуші тыңдаушының ығына жығылады. Коммуникациялық процеске бейімделеді, тыңдаушының ыңғайына жығылып, соған қарай бейімделеді, сөйтіп, екіжақты үйлесімділікті көздейді.

### Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Дәрістен түсінгеніңіз бойынша өзіңіз қандай стильге жақын сөйлейтініңізді анықтаңыз.
2. Қазақтардың сөйлеу стилін анықтаңыз, осы анықталған стиль қаншалықты дұрыс немесе дұрыс емес екені туралы жолдасыңызбен пікір таластырып көріңіз.
3. Әлеуметтік теңдікті көрсететін, өзінің МЕН-ін алдыңғы орынға қоятын индивидуалды мәдениетке тән стильдің 2 артықшылығы мен 2 кемшілігін көрсетіңіз.

### Бақылау сұрақтары

1. Сөйлеудің қандай стильдері бар?
2. Жоғары концептуалды мәдениетке жататын стильдер қандай?
3. Тіл арқылы, белгілі бір мәдениеттің (мәдени қоғамдыстықтың) тілдік ерекшелігі арқылы санада қалыптасқан «екінші ақиқат дүниеге» мысал келтіріңіз.

### Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Уәли Н., Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Докторлық дисс. Алматы, 2007.
2. <https://studopedia.org/1-85029.html>.
3. [https://www.youtube.com/watch?v=UaBhaTxqD\\_s](https://www.youtube.com/watch?v=UaBhaTxqD_s).
4. <https://ecouniver.com/4341-stili-kommunikacii-kakaya-byvaet-kommunikaciya.html>.
5. [https://studme.org/1623092312713/menedzhment/kommunikatsionnye\\_stili](https://studme.org/1623092312713/menedzhment/kommunikatsionnye_stili).
6. <http://media.msu.ru/?p=1850>.
7. Күдеринаова Қ., Қазақ тіл білімі деңгейлерін оқытудағы ескерілмей жүрген бір мәселе // ЖОО-да оқыту үдерісін білім беру бағдарламаларын жаңартылған мазмұн негізінде ұйымдастыру. Семинар жинағы. А., 2016. 148 б.